Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.
Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, пысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингілік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері
(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторингке негізделген)
Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына шолу
2026 жылдың 30 қазанына қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен ақшалай қор жасау бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді[1].

2026 жылдың 23 қазанында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 0,5 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендетіп, 15,75% деңгейінде қалыптастыру туралы шешім қабылдады 2026 жылдың қазанында депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін 9 банк қайта қарады. Бұл ретте өзгерістердің басым бөлігі мерзімді және жинақ салымдар бойынша төмендеу жағына бағытталды.

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Депозиттің түрі	**Өзгерістер**		
	▲ *(мөлшерлемелердің өсуі*	▼ *(мөлшерлемелердің төмендеуі)*	▲▼ *(мерзімдер бөлінісіне қарай, мөлшерлемелердің әртүрлі бағытта қайта қаралуы)*
Мерзімсіз	-	-	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді	2 банк	1 банк	1 банк
Толықтыру құқығы жоқ мерзімді	-	-	-
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	-	4 банк	-
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	-	2 банк	-
Мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер	-	1 банк	-

[1] агрессивті бәсекелестікті шектеу үшін банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді. Оның мөлшері банктің орташа алынған мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету деңгейіне және тартылған қаражат көлеміне байланысты болады.

Мерзімсіз депозиттер [2]

Мерзімсіз депозиттер қаражатты өте икемді басқаруға мүмкіндік береді: егер шотта азайтылмайтын, яғни алынбайтын қалдық қалатын болса, үстінен ақша салуға және алуға болады. Сыйақы жойылмайды немесе шамалы ғана азайтылады.

2026 жылдың қазан айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	17
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	0
Максималды мөлшерлеме	**16,08%**
Минималды мөлшерлеме[3]	12,60%
Орташа мөлшерлеме	**14,99%**

Қазан айында банктер мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгеріссіз қалдырды. Сонымен бірге сегменттің орташа қатысушыларының бірі мөлшерлемесі 13,00%-ды құрайтын 12 айға арналған қолданыстағы салымға қосымша ретінде мөлшерлемесі 16,10% болатын 6 айлық жаңа мерзімсіз өнімді іске қосты. Нарықта мөлшерлемелердің төмендеу үрдісі байқалып отырған кезде базалық мөлшерлемеден жоғары мөлшерлемемен мерзімсіз салым ұсыну жалпы нарықтық үрдіс аясында ерекшеленеді.

Бұл ретте жалпы алғанда базалық мөлшерлеме динамикасының мерзімсіз салымдар сегментіне әсері мерзімді және жинақ салымдармен салыстырғанда азырақ сезіледі. Бұған дейін ақша-кредит саясатын жұмсарту кезеңіне көшу барысында мерзімсіз салымдардың табыстылығы базалық мөлшерлеме деңгейінен едәуір төмен болды. Қазіргі уақытта мерзімсіз салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің базалық мөлшерлемеге жақындауы банктердің бұрынғы табыстылық деңгейін сақтау мүмкіндіктерін шектейді. Бұл алдағы кезеңде банктердің мерзімсіз салымдардың құнын неғұрлым белсенді түрде қайта қарауы мүмкін екенін көрсетеді.

Банктер [4]	Қыркүйек, 2026	Қазан, 2026	Өткен айдан бергі өзгерістер (п.т)
1 Банк	16,08	16,08	-
2 Банк	15,95	15,95	-
3 Банк	15,90	15,90	-
4 Банк	15,62	15,62	-
5 Банк	15,51	15,51	-
6 Банк	15,35	15,35	-
7 Банк	15,30	15,30	-
8 Банк	15,16	15,16	-
9 Банк	15,00	15,00	-
10 Банк	15,00	15,00	-
11 Банк	15,00	15,00	-
12 Банк	15,00	15,00	-
13 Банк	14,40	14,40	-
14 Банк	13,00	13,00	
15 Банк	12,60	12,60	-
16 Банк	8,80	8,80	-
17 Банк	5,72	5,72	-
Орташа мөлшерлеме	**14,99**	**14,99**	-

[2] мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

[3] іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

[4] 12 айға арналған мерзімсіз салымы жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды

Мерзімді депозиттер[5]

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың қазан айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	7
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	4
Максималды мөлшерлеме	3 айға 19,00%
Минималды мөлшерлеме	24 және одан да жоғары айларға 4,50%

2026 жылдың қазан айында толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар сегментінде әртүрлі бағыттағы өзгерістер байқалды. Өзгерістер негізінен 3 және 6 айлық қысқа мерзімді салымдарға қатысты болды. Бұл ретте жекелеген банктер мөлшерлемелерді көтерсе, кейбірі керісінше төмендетті. Өткен айларда банктер мерзімді салымдардың табыстылығын жоспарлы түрде төмендетіп келді. Ал қыркүйекте бір ірі банк мөлшерлемені тағы да 1,00 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендетті, бұл нарықтық мөлшерлемелерге әсер етеді. Жалпы мөлшерлемелер төмендеп жатқан кезде жекелеген банктердің қысқа мерзімдер бойынша мөлшерлемелерді ішінара көтеруі олардың ішкі операциялық міндеттерін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл ағымдағы өтімділікке деген қажеттілікпен және өз ұсыныстарының бәсекеге қабілеттілігін сақтай отырып, салымшыларды ұстап қалуға деген ұмтылысымен байланысты.

Банк	Қыркүйек, 2026, %					Қазан, 2026, %					Өзгеріс (п.т)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
1 Банк	18,60	17,60	13,50	4,50	4,50	19,00	18,00	13,50	4,50	4,50	0,40↑	0,40↑	-	-	-
2 Банк	18,86	16,65	16,08			18,04	16,70	16,10			0,82↓	0,05↑	0,02↑	-	-
3 Банк	14,80	17,70	16,00			14,80	17,70	16,00			-	-	-	-	-
4 Банк	19,00					18,00					1,00↓	-	-	-	-
5 Банк	15,50	16,08	15,85	13,35		15,50	16,08	15,85	13,35		-	-	-	-	-
6 Банк	17,45	16,50	15,50			17,75	16,50	15,50			0,30↑	-	-	-	-
7 Банк	19,00	18,50	15,00	5,10		19,00	18,50	15,00	5,10		-	-	-	-	-
Орташа мөлшерлеме	**17,60**	**17,17**	**15,32**	**7,65**	**4,50**	**17,44**	**17,25**	**15,33**	**7,65**	**4,50**	**0,16↓**	**0,07↓**	**0,01↑**	-	-

[5] Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді салымдар сегментіне бұрынғыдай бір банк қана қатысады. Қазан айында пайыздық мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде қалды.

Банк	Қыркүйек, 2026, %					Қазан, 2026, %					Өзгеріс (п.т)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
1 Банк	18,01	17,80	15,70	12,20	-	18,01	17,80	15,70	12,20	-	-	-	-	-	-

Жинақ депозиттер

Жинақ депозиті – салымды депозит мерзімі аяқталғанға дейін пайдалануды жоспарламайтын салымшыларға арналған қайтарымсыз депозит. Қаражатты ішінара мерзімінен бұрын алу көзделмеген: қаражатты алу үшін шартты бұзып, депозитті толық көлемде алу қажет, бұл ретте қаражат 30 күннен кейін беріледі және сыйақы толығымен дерлік жойылады. Жинақ депозиттері толықтыруға болатын және депозиттің мерзімі барысында толықтыруға болмайтын депозиттер болып бөлінеді.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2026 жылдың қазан айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	12
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	4
Максималды мөлшерлеме	3 айға 19,56%
Минималды мөлшерлеме	24 айға 4,50%

Қазан айында толықтыру құқығы бар жинақ салымдар сегментінде табыстылықтың азаю үрдісі жалғасты: мөлшерлемелерді қайта қараған 4 банк оларды 3 және 6 айлық қысқа мерзімдер бойынша 0,11-ден 0,90 п.т.-қа дейінгі ауқым аралығында төмендетті. Тағы 2 банк өзінің өнімдік желісін қайта қарады. Олардың бірі мерзімі стандартты салымдарды жойып, олардың орнына мерзімі стандартқа сай келмейтін 4 айлық салымды іске қосты. Мөлшерлемесі 19,00% (бұл 3 ай мерзімге арналған нарықтық табыстылыққа сәйкес келеді). Басқа банк те ұсынысын кеңейтті: мөлшерлемесі 16,31%-ды, ал мерзімі 12 айды құрайтын жаңа салым халық назарына ұсынылды.

Осылайша жинақ салымдар сегментінде 12 айлық мерзім аумағында тартымды ұсыныстар туындауда. Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі одан әрі төмендеген жағдайда, жеке тұлғаларға тиесілі салымдардың табыстылығы да жоспарлы түрде төмендейтін болады. Сондықтан ағымдағы жағдай салымшыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлайды: бұл тартымды табыстылықты сақтай отырып, едәуір ұзақ мерзімге жинақ салым ашу. Салымның толықтыру құқығы бар екендігін ескерсек, бұл шынында да тартымды мүмкіндік екені рас.

Банк	Қыркүйек, 2026, %					Қазан, 2026, %					Өзгеріс (п.т)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
1 Банк	19,22	18,34	14,51	7,90	7,90	18,85	18,34	14,51	7,90	7,90	0,37↓	-	-	-	-
2 Банк	19,60	19,00	15,00			19,00	18,50	15,00			0,60↓	0,50↓	-	-	-

3 Банк	19,56	18,50	13,80			19,56	18,50	13,80			-	-	-	-	-
4 Банк	18,60	17,60	13,50	4,50		18,60	17,60	13,50	4,50		-	-	-	-	-
5 Банк	19,50	17,84	14,47	8,23		19,50	17,73	14,47	8,23		-	0,11↓	-	-	-
6 Банк	19,02	19,02	14,51	8,00	6,40	19,02	19,02	14,51	8,00	6,40	-	-	-	-	-
7 Банк	19,00	16,80	15,90	5,75		18,10	16,80	15,90	5,75		0,90↓	-	-	-	-
8 Банк	15,20	15,20	14,50	7,20	7,20	15,20	15,20	14,50	7,20	7,20	-	-	-	-	-
9 Банк	19,46	18,98	15,28			19,46	18,98	15,28			-	-	-	-	-
10 Банк		16,65					16,65	16,31			-	-	16,31↑	-	-
11 Банк	16,65	14,93	14,93			16,65	14,93	14,93			-	-	-	-	-
12 Банк	18,00	18,00	15,00	5,10		-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Средняя ставка	**18,53**	**17,57**	**14,67**	**6,67**	**7,17**	**18,39**	**17,48**	**14,79**	**6,93**	**7,17**	0,13↓	0,09↓	0,12↑	0,26↑	-

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

2026 жылдың қазан айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	15
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	2
Максималды мөлшерлеме	3 айға 19,50%
Минималды мөлшерлеме	24 және одан жоғары айға 5,00%

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер сегменті жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер нарығында дәстүрлі түрде ең жоғары табыстылық ұсынады. Бұл өз кезегінде толықтыру мүмкіндігінің жоқтығын және мерзімінен бұрын алуға қатысты қатаң шектеулерді өтей алады. Сондықтан мөлшерлемелерді қайта қарау бірінші кезекте дәл осы сегментте орын алды. Бұл Ұлттық Банктің монетарлық саясатының маусым айынан бастап жұмсара бастағандығының әсері болатын. Қазіргі уақытта сегментте мөлшерлемелерді жаппай түзету толқыны аяқталды, қайта қарау қарқыны бәсеңдеді: екі банк мөлшерлемелерді 0,5 п.т.-тан 0,9 п.т.-қа (сәйкесінше 18,00% және 18,20%-ға) дейін төмендетті.

Банк	Қыркүйек, 2026, %					Қазан, 2026, %					Өзгеріс (п.т)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
1 Банк	18,02	18,52	17,00	11,30	11,30	18,02	18,52	17,00	11,30	11,30	-	-	-	-	-
2 Банк	18,04	17,23	14,90			18,04	17,23	14,90			-	-	-	-	-
3 Банк		18,50	15,00	10,00			18,00	15,00	10,00		-	0,50↓	-	-	-
4 Банк	17,92	17,23	16,04	11,24	10,47	17,92	17,23	16,04	11,24	10,47	-	-	-	-	-
5 Банк	16,50	17,00	14,00	5,00	5,00	16,50	17,00	14,00	5,00	5,00	-	-	-	-	-
6 Банк	19,02	19,02	16,00	12,20	6,40	19,02	19,02	16,00	12,20	6,40	-	-	-	-	-
7 Банк	18,00	18,00	16,87	12,38	7,43	18,00	18,00	16,87	12,38	7,43	-	-	-	-	-
8 Банк		17,00	16,00	12,85			17,00	16,00	12,85		-	-	-	-	-
9 Банк	15,30	15,30	15,10	11,60	9,40	15,30	15,30	15,10	11,60	9,40	-	-	-	-	-
10 Банк	19,50	17,80	15,70	12,20		19,50					-				
11 Банк	19,20	18,30	17,00	15,00	6,30	19,20	18,30	17,00	15,00	6,30	-	-	-	-	-
12 Банк	17,92	17,69				17,92	17,69				-	-	-	-	-
13 Банк	19,51	18,51	15,85	13,02		19,51	18,51	15,85	13,02		-	-	-	-	-
14 Банк	17,94	18,17	16,08			17,94	18,17	16,08			-	-	-	-	-
15 Банк	19,10	16,90	16,00			18,20	16,90	16,00			0,90↓	-	-	-	-

Орташа мөлшерлеме	**18,15**	**17,68**	**15,82**	**11,53**	**8,04**	**18,08**	**17,63**	**15,83**	**11,46**	**8,04**	**0,07↓**	**0,04↓**	**0,01↑**	**0,07↓**	-

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

2026 жылдың қазан айындағы маңызды көрсеткіштер:

Көрсеткіш	Мәні
Сегменттегі банктер	3
Мөлшерлемелерін өзгерткен банктердің саны	1
Спредті өзгерткен банктер саны	2
Максималды мөлшерлеме	16,01%
Минималды мөлшерлеме	13,62%
Максималды спред	-0,99
Минималды спред	-2,98
Бенчмарк (ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі)	15,75%

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы салымдар сегментінде Ұлттық Банктің базалық мөлерлемесі бенчмарк рөлін атқаратындықтан, мұнда табыстылық серпіні қаржы реттеушісінің шешіміне тікелей тәуелді. Соған байланысты соңғы айларда спредтерді қайта қарау тұрақты сипат алды. Қазан айында бенчмарктің ізінше 2 банкте табыстылық мөлшерлемесі автоматты түрде төмендеді. Екі банк те табыстылықты бұрынғы деңгейінде сақтау мақсатында теріс спредті базалық мөлшерлеменің 0,50 п.т.-қа төмендеуіне сәйкес қысқартты.

Банк	Қыркүйек, 2026, %					Қазан, 2026, %					Өзгеріс (п.т)				
	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай	3 ай	6 ай	12 ай	24 ай	>24 ай
1 Банк			14,19 (спред -2,98)					13,62 (спред -2,98)					**ставка 0,57↓**		
2 Банк			15,90 (спред -1,49)					15,90 (спред -0,99)					**спред 0,5↓**		
3 Банк		16,01 (спред -1,4)					16,01 (спред -0,90)					**спред 0,5↓**			
Орташа мөлшерлеме		**16,01**	**15,05**				**15,43**	**14,76**			-	-	**0,29↓**	-	-

Тұжырымдар

Қазан айында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 16,25%-дан 15,75%-ға дейін төмендетті. Бұл маусым айынан бері қатарынан жасалған төртінші төмендету болды. Осы кезеңде базалық мөлшерлеме 18,00%-дан 15,75%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте шешім айдың аяқталуына аз уақыт қалғанда қабылданды. Сондықтан қазан айында банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг депозит нарығының мөлшерлеменің кезекті төмендеуіне реакциясын толыққанды бағалауға әзірге мүмкіндік бермейді. Депозит нарығының реакциясы қараша айында неғұрлым айқын көрініс табуы ықтимал.

Қазан айында жеке тұлғаларға тиесілі депозиттер бойынша табыстылықтың төмендеу үрдісі жалғасты. Дегенмен бұл бұған дейінгі айлардағы секілді жаппай сипат алған жоқ. Өйткені түзетулердің негізгі толқыны сол қазан айына дейінгі айларда аяқталған болатын. Бұл ретте өзгерістердің сипаты нарық сегменттерінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болды: жинақ салымдарда мөлшерлемелер негізінен төмен жылжыса, мерзімді салымдар сегментінде қозғалыс жоғары-төмен бағытталды. Ал мерзімсіз салымдар сегменттінде табыстылық өзгерген жоқ десе де болады. Өйткені базалық мөлшерлемеге қатысты маржиналдық оң табыстылық әлі сақталуда. Стратегияның осындай шашыранды сипат алуы банктердің ағымдағы жағдайға бейімделе бастағандығын білдіреді: олар бір жағынан пайыздық шығындарды оңтайландыру, екінші жағынан ағымдағы өтімділікке деген қажеттілікті қамтамасыз ете отырып, бәсекеге қабілеттілікті сақтау арасында тепе-теңдікті сақтауға ұмтылуда.

Депозиттік мөлшерлемелердің серпіні бұдан кейін қалай болатындығы ҚРҰБ-тың ақша-кредит саясатының траекториясымен айқындалатын болады. Кестеге сәйкес, базалық мөлшерлеме бойынша келесі жоспарлы шешім 2026 жылдың 4 желтоқсанында қабылданады. Базалық мөлшерлеме 15,75%-ға төмендегенімен, қаржы реттеушінің мәлімдеуінше, оның 2026 жылдың аяғына дейін тағы да өзгере қою ықтималдығы төмен. Ал төмендеу мүмкіндігі бағалық қысымның тұрақты түрде әлсірегендігінің расталуына байланысты болмақ[6]. Сондықтан жылдың аяғына дейін жеке тұлғаларға теисілі депозит нарығының шартты түрде тұрақты болатындығын күтуге болады. Ағымдағы сәтте банктер өздеріне тиесілі депозиттер бойынша мөлшерлемелер мен талапшарттарға түзетулер енгізуден бұрын, қаржы реттеушісі мен бәсекелес банктердің әрекеттері мен шешімдеріне баға бере отырып, әліптің артын бағуы мүмкін.

Соңғы айларда жеке тұлғаларға тиесілі депозит нарығында табыстылықтың біртіндеп төмендеп жатқандығына қарамастан, салымшылар үшін дәл қазіргі кезең әлі де қолайлы деуге болады. Нарықта қысқа және одан да ұзақ мерзімдер бойынша мөлшерлемелері тартымды әртүрлі салымдар ұсынылған. Ағымдағы жағдаят салымшыларға жинақ ақшаларын мерзімі әрқалай, әртүрлі салымдарға орналастыруға мүмкіндік береді. Яғни, ақшалардың бір бөлігін кез келген уақытта алуға және толықтыруға болатын икемді депозиттерде сақтауға, ал екінші бөлігін

[6] https://nationalbank.kz/kz/news/press-relizy/20503

мөлшерлемелердің бұдан әрі төмендеу ықтималдығын ескере отырып, табыстылығы тартымды ұзақ мерзімді депозитке салуға болады.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

- теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**
- теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**
- шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды**.**

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.